

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ҚОР СТРАТЕГИЯСЫ

Қор стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудің ажырамас бөлігі болып табылатын ESG қағидаттарын ұстана отырып, өзіне тұрақты даму саласында бірқатар міндеттер қояды:

Корпоративтік басқару құрылымы:

- ◆ Директорлар Кеңесінің рөлін және оның құрамын қалыптастыру сапасын арттыру.
- ◆ Тиісті корпоративтік басқару қағидаттары негізінде портфельдік компанияларды басқару.
- ◆ Корпоративтік басқаруға озық әлемдік тәжірибелерді енгізу.

Ашықтық және нормаларды сақтау:

- ◆ Ашықтық пен транспаренттікті қамтамасыз ету үшін мүдделі тараптарды тарту.
- ◆ Есептіліктің ашықтығын жақсарту және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу.

Әлеуметтік жауапкершілік:

- ◆ Қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру үшін еңбек жағдайлары мен қауіпсіздік шараларын жақсарту.
- ◆ Қайырымдылық, корпоративтік демеушілік және корпоративтік волонтерлікті ілгерілету арқылы елдің әлеуметтік дамуына үлес қосу.

Қауіпсіздік және денсаулық (H&S):

- ◆ «Нөлдік төзімділік» қағидатымен Қор тобында жарақаттануды азайту үшін H&S озық тәжірибелерін енгізу.
- ◆ Инновациялық және цифрлық шешімдерді қолдана отырып, дербес қауіпсіздікті және апатсыз жұмысты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру.

Адами капиталды дамыту:

- ◆ Кадрлық әлеуетті арттыру және қызметкерлердің жаңа салалардағы құзыреттерін күшейту.
- ◆ Үздік әлемдік тәжірибеге негізделген үздіксіз біліктілікті арттыру.

Ресурс үнемдеу:

- ◆ Отын-энергетика және су ресурстарын қоса алғанда, ресурстарды тиімді пайдалану.
- ◆ Жабдықтарды жаңғырту және жаңа инвестициялық жобаларда заманауи технологияларды қолдану.
- ◆ «Самұрық-Қазына» АҚ Энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасын 2027 жылға дейін іске асыру.

Көміртектендіру:

- ◆ Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы шеңберінде төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жөніндегі Жоспарды іске асыру. Жоспарда тұрақты экологиялық қызметке көшу үшін 50-ден астам іс-шаралар айқындалған, оның ішінде баламалы энергетикаға көшу және маневрлік генерацияны ұлғайту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар.

«Жасыл» қаржыландыру құралдарын дамыту:

- ◆ «Жасыл» таксономияға сәйкес келетін жобаларды қаржыландыру, «жасыл» облигациялар шығару.